

Біздің іске керегі:
Шөптің өлеңі,
Тулақтың сереңі,
Саусақтың терегі,
Жігіттің берегі,
Шалдың тереңі.

Дияқажы

Жетпіс жыл жалғаншы ғұмырында ауыртпалықтар болғанымен қиыншылықтар көре қоймапты. Қашанда жанында таяныш болатын, сүйеніш болатын жан-дар табылған. Соның ең бастысы сабыр болатын. Бәрін сабырға жеңдіретін.

Әкесі Әрін аудан орталығында орғанда істеді. Бұл ол тұста екiнiң бiрiнiң қолы жете бермейтiн қызмет болатын. Жалпы, көкесi әкеден жастай қалғанымен, жастай жалшылық қамытын кигенiмен, етiнiң тiрiлiгi арқасында өз күнiн бiреуге түсiре қоймаған. Сауатын қызыл отаудан ашып, ауыл баласын сауаттандырған. Одан ауыл кеңесiнiң төрағасы болады. Ашаршылық жылдарында дүкен ұстайды. Бұл ендi екiнiң бiрiне бұйырмаған дәреже болатын. Кейiнде, орғаннан кеткеннен кейiн де басшылық қызметтерде жүредi. Жетi жыл бойы колхоз басқарды, одан кейiн зейнеткерлiкке шыққанға дейiн. Ақжал кентiндегi өрт сөндiру бөлiмшесiнiң бастығы болды. 1941 жыл. Соғыс отының алаулап тұрған кезi. Бiр күнi әкесiне де шақыру келген. Оны көкесi сабырлылықпен қабылдаған. Содан өзiн атқа мiнгiзiп алып, туған-туыстарды аралап шыққан. «Артта қалып бара жатқан жалғызым едi. Күдайдың көзi түзу болса өсер, өнер, Ауыздарыңдағыны жырып бер демеймiн. Шекесiнен шертсеңдер де меселiн қайтармаңдар» деп аманаттаған. Сөйтiп, Қарағандыға жүргелi отырғанында үйге бiр қора адам сау ете түскен. Сөйтсе...

Органдарда iстейтiндерге бронь берiлiптi.

Содан көкесi барған үйлерiне қайта бас сұғып, тiлеулерiң адал екен деп адақтағаны жадында қалыпты.

Сол жылдары соғыстан қашушылар көп болды. Соның көбi түсiнiспеушiлiктен шығып жатты. Оның iшiнде туысқандары да болды. Содан да болар көкесi үй қарасын көрмейдi.

Қыс iшi. Қоржын үйдi қымтап ұстайды. Суық кiрiп алса жуық маңда шыға қоймайды. Ауылда бары жалғыз құдық. Ел таң атпай соның шiретiнде тұрады. Қар суы iшуге жарамайды.

Алғашқы ауыртпалықты сол жылдары көрген. Қадиша анасы таңғы үштен тұрып алып ертеңгiлiк тоғызда бiр-ақ оралады. Өйтетiнi су құдықтан шөккемен шығарылады. Сонда әкелетiнi екi шелек су. Кемiнде бiр жұмаға жетедi. Тек ауызсу ретiнде пайдаланылады.

Сондағы анасының киiмiн көз алдына келтiредi. Құрым етiк, бөкебайлы көнетоз пальто. Басында шәлi. Қақаған қыстағы бар киiмi осы едi. Сол қыс анасына жөтел жабысты. Ақыры сол көкжөтел анасын алып тынған. Осыдан ба екен алғаш дәрiгер болсам деп ойлайтын. Ержете келе техника тiлiн бiлсем деген ынтасы жеңiп шыққан.

Жетiншiде оқып жүргенiнде анасынан айырылды. Туған шешесiнiң орны бөлек екенiн бүгiн де жан дүниесiмен сезiнедi. Бұл кезде көкесi Ақбауыр совхозында учаскелiк милиционер болып iстейтiн. Көп ұзамай әжесiнен де көз жазып қалды. Бiр үйде екi жарымжан адам қалған. Мұнда да көкесi үй бетiн көрмейдi. Тәртiп қатал. Бұлай жүре беруге болмайды.

Көп ұзамай екiншi анасындай болып кеткен Шәкен тәтесiн енгiзген. Сол-ақ екен шу шыққан. Өйткенi Шәкен тәтесiнiң жасы он алтыда ғана болатын. Оның арты партиядан шығу деген сөз.

Органда iстегендiктен көкесi соның ретiн келтiрген. Бiр түнде атшанамен Қарағандыға көршi келiншектi апарып, тәтесiнiң орнына кiргiзiп он тоғызда деп жаңа құжат толтырып алады. Сол екiншi анасының бетiне қарсы келмептi. Ол кiсi сұңғыла едi. Бойындағы бар жылуын баласындай көрiп аямады. Сол тәтесi өзiнiң соңынан балпанақтағi төрт бауырын ерттi. Соларды бүгiнде өзi ұйыстырып отыр. Тәтесiнiң берген тәрбиесi, көрсеткен тәлiмiнен айналады. Бауырлары ағасындай емес, тура әкесiндей көредi. Берiк бауыры Балқаштағы депоны басқарған, Кәрi-ғұлы теміржол стансасының бастығы. Көмек, Кәрiбай бауырлары да әке мен шеше атына кiршiк түсiрмей, ел игiлiгiн арттыруда бiр адамдай тер төгiп жүр.

Аудан орталығындағы мектептi ойдағыдай бiтiрдi. Атақты Әбiкен күйшi жездесi болып келедi. Сол кiсi өзiне шақырған. Алматы ауыл шаруашылығы институтына барды. Барлық пәндi жақсы деген бағаға тапсырған. Алайда конкурс қатты едi. Тiптi кандидаттыққа да жарамады. Бiрақ басқа оқуларға жол ашық-тын. Қаз-ПИ-ге баруды ұсыңған. Ойланып-ойланып одан бас тартқан. Жинаған бағасымен заң факультетiне де түсуге болады екен. Жақсы оқу болғанымен, одан да тайқып шыққан. Шығып кетiп, институт ректорына қайта кiрген. Рахметiн айтып, келер жылы қайтып келетiнiн айтқан. Бар-жоғы осы. Жас жiгiттiң осы қайсар мiнезi ұна-

Жанында жүр жақсы адам



ағамыз бұл ұсынысқа ерiксiз келiседi. Өйткенi алдында алған жазасы бар.

Сонымен «Ақшоқы» совхозында жұмысын жалғастыра бередi. Мұнда да жұмысты жапырып iстейдi. Елдiң көзiне түседi. Аудан басшылары да оны басқаларға өнеге қыла бастайды. Сол кезде «Босаға» совхозының директоры Сәмен Шалабаев ағамыз (бұл кiсi Қарағанды қаласы әкiмiнiң орынбасары болып iстеген Алшын Шалабаевтың әкесi) өзiне ауысуын қалайды. Бұл ұсынысты қабылдайтын жөнi бар едi. Өйткенi Босағадан қырық шақырым жердегi Ақадырда әкесi тұрып жатты. Бiр жағынан сол кiсiге қарайласармын деп ойлайды. Екiншi жағынан Сәмен ағасы өзiнiң орнына дайындайтынын ашық айтқан.

Маман ретiнде шыңдалған жерi осы шаруашылық едi. 1969 жылы жұт келiп килiктi. Босағаның шөлең жерде орналасқаны белгiлi. Ауданда мұндай жағдайға тап болған шаруашылықтар аз болмады. Сол жылы ауданның Ақадыр аймағындағы бес шаруашылығы ауыр жағдайда қалады. Жан алып, жан берiскен күндер басталады.

Бүкiл ел өздерiнiң тiлеуiн тiледi. Үлкен-кiшi демей шамалары келгенше қолғабыстарын тiгiзедi. Сегiз сағат жұмыс күнi жоқ. Ел жиырма төрт сағат жұмыс iстеп жатты. Түстiк жақтан сабан, шөп дайындайды, Балқаштың қамысын шабады, ал терiскей облыстары вагондап сабан жөнелтiп жатты.

Облыс басшыларының бiрi - Қамза

Берек

са керек:

-Сен қарашада кел, жағдай болып жатса стипендия да алып қаларсың,-деп шығарып салған.

Ректор берген уәдесінде тұрды.

Оқуға солай іліккен.

Содан 1960 жылы инженер-механик деген мамандық алып, елге - Шетке оралған. Ол тұста мұндай мамандар бүкіл аудандарда қат болатын. Сондықтан бірден басшы қызметтерде болды. Қай жерде жұмыс ақсап жатса, жас маман ылғи сондай жерден табылды. 1962 жылы Жамбыл колхозынан Ақтоғай ауданына «Қазсельхозтехниканың» бас инженерлігіне шақырылды. Араға жыл түсер-түспестен басқарушысы болып жоғарылатылды. Аупарткомның сол кездегі бірінші хатшысы Нарманбет Садықов ағасы шақырып алып:

-Әрін шырақ, сен партияға өтпесең болмайды, Қалкен ағаң (Мәкенбаев) Жоғары партия мектебіне жүрейін деп жатыр, сені сол кісінің орнына ұйғарып отырмыз,-деп жеделдетіп өтініш түсіруді тапсырған. Қалкен ағамыз ол кезде ауатком төрағасының орынбасары болатын.

Партияның айтқан сөзі заң. Қарсы келмеген. Партияға өтуге барлық жағдай бар еді. Аудандық комсомол комитетінің бюро мүшесі болатын. Жастар жетекшісі ол кезде бүгінгі қоғам қайраткері Қасымбек Медиев еді. Сол Медиевтің, Жамбыл колхозының төрағасы Иген Жүнісбековтің және Смағұл Оразбековтің кепілдік берулерімен құжат та дайын болған.

Бұл күні жұмысына қарындасы бақилыққа озған ел азаматы алдына келген. Сұрап отырғаны бір қап жүгері ұны. Ол тұста жан басына 16 келі осындай үн босатылатын. Соның шіреті қалың еді. Ертеңгілік тұрған адам кешкісінде бір-ақ алатын.

Есіне әкесінің «қолыңнан келсе алдыңа келген кісінің меселін қайтарма» деген сөзі түсті, одан қалды баяғы ректордың жасаған жақсылығы түсті. Не керек, босатылсын деп қолды қойып жіберген. Сол-ақ екен алақан-дай ауыл дүр ете қалған. Тіпті, аудандық прокурор өзін жаппақшы да болды. Содан жарты жыл шартты жаза алып шығады. Онымен қоймай алып отырған жалақысының ширегін ұстап қалады.

Алайда партия қатарында болмауы жанын алып қалады. Бірақ енді басқарушы қызметімен, қол созым жер қалған ауатком төрағасы орынбасарлығымен біржолата қоштасады.

Дегенмен, білікті маман далада қалмайды. Өспен кенішінің жабылған кезі. Оның орнына жаңадан «Өспен» шаруашылығы ұйымдасып жатқан. Енді соған бас инженер болып жіберіледі.

Онда да жұмысты дөңгелетіп алып кетеді. Алайда оқыс уақиға орын алады. Қыс ішінде механизаторлардың біреуі өзінің қырсыздығынан опат болады. Совхоз басшысы көпті көрген адам еді. Ол істің алдын алуды ойлайды. Бәрін өзі ойластырып, келісе отырып, «Ақшоқы» совхозына ауысуды ұсынады. Иген

Бижанұлы осы жұмыстарға өзі басшылық жасады. Басына тымақ, аяғынасаптама етік киді. Аттың бел шыдатпайтыны белгілі. Сонда да сыр бермеді облыс басшысы. Осыдан кейін ел үйінде қалайша қамалып отырсын. Жұмыста әбден шыныққан, істің көзін білетін Кәрібай Айқынбек сынды ағалар атбасшы болды. Қоғамдық малды солайынша амалдап алып қалған.

Соның ұйымдастырушылық жұмысында осы Иген ағамыз жүреді. Сыртта жүріп кіммен ақылдасады. Шешімді өзі қабылдайтын.

Мұндай шешімтал жігіттің жұмысы жерде жата ма, өзіне құда түсушілер табылады. Жаңадан құрылып жатқан «Ертіс-каналқұрылыс» басқармасы жұмысқа шақырады. Әрине, басшы қызметке. Бірақ келген соң ши шығады. Иген ағамыздың партия қатарында жоқтығы білінеді. Содан қойшы, осы басқарманың оқу комбинатының директоры болып бекиді. Бірақ партия қатарына етуді тапсырады. Иген ағамыз да алған бетінен қайтпайды. Сол партияға ақыры өтпей кетеді. Осы қызметінде табан аудармастан жиырма жыл бойы жұмыс істейді.

1993 жылы Нұра-Сарысу су шаруашылығының Жаңаарқа ауданы бойынша инспекторы болады. Араға үш жыл салып осы жерден зейнеткерлікке шығады.

Қай жерде істесін ол өзінің басты ұстанымынан айнымады. Онысы адалдық пен сабырлық еді. Осы екі ұстанымы өзін ұшпаққа шығарды. Шет, Ақтоғай, Жаңаарқа аудандарында бір азаматтай тер төкті. Сол жерлердің гүлдеп өркендеуіне өзіндік үлесін қосты.

Қайда жүрсін қолдан келгенше жақсылық жасауға тырысты. Онысынан опық жеген күндері де аз болмапты. Сондай тұстарда босандық танытқан жоқ. Беректік мінезді жаратушы әу бастан жазыпты. Бірақ одан да гөрі ел алғысын жоғары қойды.

Құдай қосқан қосағы Жетен Балтабайқызы да сәтіммен кездескен. Отыз бес жыл бойы орта мектепте ұстаздық етті. Ол КСРО және Қазақ КСР ағарту ісінің үздігі. Бүгінде ол кісі де зейнеткер.

Иген Әрінулы бүгін де қол қусырып отырған жоқ. Көкбөрі Керней бабасына ас беруде белсенділік көрсетті. Туған бауыры Берік Керней бабасының ескерткішін қойды. Ақылдастар алқасының мүшесі ретінде елді ұйымдастыруда, жастарға ата-бабалар тарихын білдіруде көшелік танытып жүр.

Өзінің кіндігінен өрбіген төрт балапаны мүйізі қарағайдай жұмыстарда отыр. Ағамыз бен жеңгеміз осы күндеріне шүкіршілік етеді.

Бүгінгі күнге осы беректігі әкелді. Ертеңгі күніне де осы беректігі апара-тыны сәзсізі

Өйткені берек сынбайды. Иіледі.

Төрехан МАЙБАС.

ҚАРАҒАНДЫ қаласы.